

Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласы Білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы" 2014 жылғы 18 тамыздағы № 3/684 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі N 2/234 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 мамырда N 1161 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 8 қазандағы № 4/460 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 08.10.2018 № 4/460 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласы Білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы" 2014 жылғы 18 тамыздағы № 3/684 қаулысына (мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1083 болып тіркелген, 2014 жылғы 16 қыркүйекте "Вечерний Алматы", "Алматы ақшамы" газеттерінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген "Алматы қаласы Білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы Ережедегі:

6 бөлім алынып тасталсын.

2. Алматы қаласы Білім басқармасы осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, оны бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды және интернет-ресурста орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары
3. Аманжоловаға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК